

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ АДВОКАТТАР КОЛЛЕГИЯСЫНЫҢ
БАЙҚОҢЫР ҚАЛАЛЫҚ ЗАҢ КОНСУЛЬТАЦИЯСЫ**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот
төрағасы Ж.Қ Асановқа

Қызылорда облыстық сотының төрағасы
Қ.Ж Нұрышовқа

Қызылорда облысы,



Өкілі: Қуатов Қалмырза Кистауович
Тұрағы: Байқоңыр қаласы,

А Л Ғ Ы С Х А Т

Талап қоюшы А.Абдрахмановтың жауапкерлер «ION AQUA ШИПАЖАЙЫ» ЖШС-і басшысы А.У.Масактан, «ION AQUA ШИПАЖАЙЫ» ЖШС-нің Байқоңыр қаласындағы филиалы «Ғарышкер» балабақшасының сенімгер басқарушысы М.К.Кетебайдан тауарға ақы төлеуді даулау туралы азаматтық ісі бір жарым жылдан бері сот сатыларында қаралып келген болатын.

- 10.02.2020 ж Қызылорда облысының мамандарылған ауданаралық экономика сотында қаралды. Сот атқарушылық жазба жасау үшін нотариуске жүгіну қажеттігін айтып, талап-арызымды қайтарып берді;

- 17.03.2020ж жеке сот орындаушы Б.С Қызылбаев атқарушылық жазбаға атқарушылық іс қозғады. Алайда «ION AQUA ШИПАЖАЙЫ» ЖШС-де «нет зарегистрированного имущества, на которое можно обратить взыскание»-деп 22.10.2020 ж сот орындаушы өз қаулысымен атқарушылық істі тоқтатып, материалды қайтарып берді;

- 13.11.2020 ж Қызылорда облысының мамандарылған ауданаралық экономика сотына талап-арызбен екінші рет жүгіндім. Бірақта сот «серіктестік қарыздары бойынша өзі жауап береді», -деп талап-арызымды қабылдаудан бас тартты;

- 21.11.2020 ж Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жеке шағыммен шықтым. 10.12.2020 ж алқа өз ұйғарым арқылы «Ұсынылған құжаттарға қарағанда атқарушылық жазба қарыз ақша сомасын «ION AQUA ШИПАЖАЙЫ» ЖШС-нан», яғни заңды тұлғадан өндіруге жасалған. Қазіргі қойылып отырған талап бойынша жауапкерлер-жеке тұлғалар. Яғни, сол тараптар арасында жасалған атқарушылық жазба бар деу негіссіз. Сондықтан, соттың талап арызды қабылдаудан бас тартуы процестік заң талаптарына қайшы. Мәлімделіп отырған талап бойынша тараптарының бірі жеке кәсіпкер болса, екіншісі жеке тұлғалар. Бұндай арыздар АПК-нің 29 бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерлердің тұрғылықты жері бойынша жалпы юрисдикциядағы сотқа беріледі. Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономика сотының 13.11.2020 ж ұйғарымы өзгертілсін» - деп ұйғарым етті;

- 04.02.2021 ж жоғарыдағы айтылған алқа ұйғарымына негізге алып Байқоңыр қалалық сотына алғаш рет талап-арызбен қайталап жүгіндім. Сот 02.03.2021 ж хабарлама арқылы медиатрмен медиация жүргізу туралы ұсыныс келтірді. Біздер билер кеңесіне жүгіндік. Ол тарап келмеді. 11.03.2021 ж талап-арызымыздың материалын толықтыруға соттан қайтып алдық;

- 05.04.2021 ж Байқоңыр қалалық сотына екінші қайтара талап-арызбен қайта жүгіндік. Сотта талабымыз қаралмай жатып қалды. Алайда, Байқоңыр қалалық сотына Арал аудандық

сотынан іс-сапармен келген судья Бертай Серік Мұратбайұлы 17.06.2021ж дауды тараптардың татуласу жазбаша келісімі бойынша медиация тәртібімен тез реттеп берді;

Мен бұл талап – арызбен жоғарыда айтып өттім 10.02.2020жылдан бері сот табалдырығын тоздырып 17.06.2021жыл аралығына дейін қаншама уақытымды сарп етіп, нәтиже шығара алмай жүргенмін. Бірақта азаматтық істі өз өндірісіне алған судья С.М.Бертай бас аяғы бір-екі күн ішінде дауды сөз бидаға салмай, тез шешіп бергендігіне ризашылығымды білдіремін. Аталған әділетті сот актісі соттың беделін көтереді және халықтың сотқа деген сенімін жоғарлатады деп санаймын.

Құрметті, Жақып Қажыманұлы!

- Судья Серік Мұратбайұлы Бертай әділетті шешім шығарып, дауды тараптардың татуласуы үшін жәрдемдесе отырып, медиация тәртібімен дауды тез арада шешіп бергені үшін екінші топтағы мүгедек, зейнеткер ретінде оған шын жүрегіммен алғысымды айтамын.



А.Абдрахманов

Қ.Қуатов